

**"Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 268 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 84 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілер туралы 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына, 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес Шыңғырлау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 268 қаулысының ( нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3764 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 27 қаңтар, "Серпін" 2015 жылғы 7 ақпан № 6-7 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Шыңғырлау ауданының экономика және қаржы бөлімі (С.Б.Тұрғалиев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының көшірмесін бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органына жіберуді;

2) Шыңғырлау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында осы қаулының жариялануын және оны ресми жариялау көздеріне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шыңғырлау ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Аудан әкімі*

*А. Халелов*